

СИЛЛАБУС
2024-2025 оқу жылының көктемгі семестрі
«7М02220 – Этнология және антропология» білім беру бағдарламасы

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
96543 Қазіргі Қазақстандағы этникалық және этномәдени процестер	6	1,7	3,3		5	6
ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ						
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
Оффлайн/онлайн/гибрид бірін таңдау	БП. Жоғары оқу компоненті	Проблемалық, аналитикалық, интерактивті	Пікірталас, сұрақтарға жауап беру, жобалар дайындау, эссе жазу	Оффлайн жазбаша		
Дәріскер (лер)	Қалыш Аманжол Боранбайұлы					
e-mail:	kalyshamanzhol@gmail.com					
Телефоны:	8 702 379 95 33					
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ						
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*				ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)	
Қазіргі еліміздегі этникалық және этномәдени процестерді зерттеу аясында олардың барысы мен дамуының жалпы бағыттары мен модельдерін жүйелі түрде талдау, сапалық және сандық көрсеткіштерді ескере отырып, этномәдени өзіндік ерекшеліктерін анықтау; сонымен қатар оқу үрдісінде тарихи, гендерлік, социологиялық, демографиялық және этнографиялық зерттеулер әдістерін меңгеру.	1. Қазіргі Қазақстандағы этникалық және этномәдени процестердің өзекті мәселелері заманауи ғылыми білім контекстінде білу және түсіну				1.1. Қазақстан халықтарының этникалық және ынтымақтас-тық дамуындағы жалпы және ерекше белгілерін қарастыру және оларға этникалық факторлардың ықпал ету дәрежесін анықтау.	
	2. Этникалық және этномәдени үдерістердің жалпы және ерекше орындарын сыни тұрғыдан талдау арқылы адамзат қоғамының әлемдік-тарихи дамуының жалпы парадигмасымен байланыстыру.				1.2. Қарастырып отырған мәселенің көп қырлылығын менгере отырып олардың ерекшеліктеріне анализ/талдау жасау.	
	3. Еліміздегі этникалық және мәдени аясындағы маңызды қызметтерді, танымы мен ерекшеліктерін қарастыру барысында аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын игеру.				2.1. Этномәдени үдерістердің түрлі аспектілерін гуманитарлық білім жүйесіндегі және ғылыми зерттеу дамуындағы дағдыларын менгеру. 2.2. Зерттеп отырған халықтардың этникалық, этнодемографиялық және этномәдени үдерістеріндегі жалпы және аймақтық ерекшеліктерін салыстыра отырып, қажетті құжаттар мен материалдарды талдау	
					3.1. Қазақстандағы қазіргі кезеңдегі этникалық үдерістердің негізгі ұстанымдарын, қарым-қатынастарының ерекшелік-	

		терін салыстырып, оларға қажетті талдау жасау. 3.2. Еліміздегі негізгі этностар арасындағы этнолингвистикалық ахуалды көрсету.
	4. Қазақстандағы этномәдени процестердің мазмұны мен өзгерулерінің жалпыламалық, аймақтық және этникалық аспектілеріне объективтік баға беру; олардың үдерісі мен жүйесіндегі орны мен маңызын игеру.	4.1. Қарастырылып отырған мәселеге байланысты өзіндік талдау жасау және даму процесін нақты мысалдармен айқындау. 4.2. Қазіргі кезеңдегі этномәдени үдерістердегі жаңашылдықтары мен өзгешіліктері жайында гуманитарлық саласындағы құнды материалдарды игеру.
	5. Қазіргі кездегі республикамыздағы этномәдени процестердің моно– және полиэтникалық аймақтары, облыстары мен аудандарындағы негізгі нысандарын қарастырып сыни тұрғыда баға беру.	5.1. Республика, өңірлер мен оның облыстарында этникалық құрылымы мен динамикасын есепке ала отырып, қазіргі күнгі толық сипаттамасын жасау. 5.2. Тақырыпқа байланысты ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруда қажетті зерттеу нәтижелерін синтездеу және өз ұстанымын әзірлеу.
Пререквизиттер	Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы	
Постреквизиттер	Көшпенді өркениет	
Оқу ресурстары	<p>Әдебиет: негізгі, қосымша.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Абжанов Х.М. Түркі әлеміндегі Қазақстан: іргелі тарих және методология. – Петропавл: Полиграфия, 2011. – 364 б. 2. Закиев М.З. Глубокие этнические корни тюркских народов. – Астана, 2011. – 400 с. 3. Кабульдинов З.Е. Народ Казахстана: история и современность. – Астана, 2009. –200 с. 4. Қалыш А.Б. Семья и брак в современном Казахстане. – Алматы: Арыс, 2013. – 464 с. 5. Қалыш А.Б. Қазіргі Қазақстандағы этникалық және этномәдени процестер: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 254 б. 6. Народы Казахстана: Энциклопедический словарь. – Алматы, 2003. – 352 с. 7. Тишков В. А. Очерки теории и политики этничности в России. М.: Ин-т этнологии и антропологии РАН, 1997. 8. Токтабай А.У. Түркі халықтарының этномәдениеті. – Алматы, 2006. – 328 б. 9. Шаймерденова Н.Ж. Turco-Slavica: Язык, этнос, культура в едином пространстве. – Петропавл: Полиграфия, 2011. – 348 с. <p>Ресурстар: Microsoft Office Word</p> <p>Зерттеушілік инфрақұрылымы «Археология, этнология және антропология» ғылыми-зерттеу орталығы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Археология, этнология және музеология кафедрасы, 4-5 кабинет; ҚР ҒҖЖБ министрлігі Ғылым комитеті «Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты», 3 кабат.</p> <p>Мәліметтердің кәсіби ғылыми базасы 1. Интернет. 2. ПОЭК бөлімі.</p> <p>Интернет-ресурстар 1. http://elibrary.kaznu.kz/ru.univer.kaznu.kz. 2. faraibi_univesity</p>	

Пәннің академиялық саясаты

Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады.

Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.

Ғылым мен білімнің интеграциясы. Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.

Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.

Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар телефон/электрондық пошта арқылы консультативтік көмек ала алады, мұғалімнің контактілері силлабуста көрсетілген kalyshamanzhol@gmail.com немесе ZOOM бейне байланыс арқылы <https://us04web.zoom.us/j/76842750607?pwd=FgGUPhscCs7D3CzEj07WkZllaiPChI.1> кеңестік көмек ала алады.

МООС интеграциясы (massive openline course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.

Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	<p>Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.</p> <p>Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөнгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.</p> <p>Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл</p>
A	4,0	95-100	Өте жақсы	
A-	3,67	90-94		
B+	3,33	85-89	Жақсы	

				оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.
B	3,0	80-84		Формативті және жиынтық бағалау Оқытушы бағалаудың өз түрлерін енгізеді немесе ұсынылған нұсқаны қолданады
B-	2,67	75-79		% мәндегі баллдар Оқытушы өзінің баллдарға бөлуін күнтізбеге (кестеге) сәйкес пункттерге енгізеді. <u>Емтихан және пән бойынша қорытынды балл өзгермейді.</u>
C+	2,33	70-74		Дәрістердегі белсенділік 5
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі 20
C-	1,67	60-64	Қанағаттанарлық	Өзіндік жұмысы 25
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлық	Жобалық және шығармашылық қызметі 10
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлық	Қорытынды бақылау (емтихан) 40
F	0	0-49	Қанағаттанарлық	ЖИЫНТЫҒЫ 100

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Аптасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
МОДУЛЬ 1. Отбасы: дәстүрлер мен инновациялар			
1	Д 1. Кіріспе. Пәннің мақсаты мен міндеттері.	1	
	СС 1. Әдебиеттер мен деректерге шолу.	2	8
2	Д 2. Этникалық үдерістердің теориялық мәселелері.	1	
	СС 2. Этникалық қауымдастықтағы интеграция және консолидация.	2	8
3	Д 3. Этномәдени өзара әрекеттестік теориясы.	1	
	СС 3. Мәдениет пен өркениеттің этникалық аспектілері.	2	8
	ДӨЖ 1. Қазақстанда, жақын және алыс шет елдердегі отбасылық-некелік зерттеулер (сын-пікір, үзінділерінен конспект).		15
	ДӨӨЖ 1 – берілген ДӨЖ 1 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру		
4	Д 4. Қазақстан Республикасындағы қазіргі таңдағы ұлтаралық қатынастар.	1	
	СС 4. Этникалық саясаттың түрлері.	2	8
5	Д 5. Ұлттық мәселелерді шешудің тұжырымдамасы және оның маңызы.	1	
	СС 5. Қазақстандағы этномәдени үдерістер аясындағы отандық зерттеулер.	2	8
	ДӨЖ 2. Э. Геллнердің «Нации и национализм» атты еңбегін сараптау (сын-пікір, үзінді-лерінен конспект)		15
	ДӨӨЖ 2 – берілген ДӨЖ 2 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру		
6	Д 6. 1989, 1999, 2009, 2021 жж. халық санақтарындағы Қазақстан халықтарының демографиялық көрсеткіштері.	1	
	СС 6. Қазақтардың этнодемографиялық көрсеткіштері.	2	8
7	Д 7. Қазақ диаспорасы.	1	
	СС 7. Шығыс еуропалық халықтардың этнодемографиялық көрсеткіштері..	2	8
	ДӨЖ 3. Еліміздегі түрік халықтардың этнодемографиялық көрсеткіштері		
	ДӨӨЖ 3 – берілген ДӨЖ 3 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру		14
Аралық бақылау 1			100
МОДУЛЬ 2. Неке: Мазмұны мен сипатының өзгеруі			
8	Д 8. Қазақстандағы этнотілдік үдерістер.	1	
	СС 8. Мемлекеттік тіл – ұлт бірлігінің басты факторы.	2	8
9	Д 9. Қазақстанда этнос аралық және конфессия аралық қарым-қатынастар.	1	
	СС 9. Еліміздегі этностардың дәстүрлі мейрамдары мен ойын-сауықтары.	2	5
	ДӨЖ 4. Қазақстандағы этномәдени үдерістер аясындағы отандық зерттеулер (диспут).		14

	ДӨӨЖ 4 – берілген СӨЖ 4 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру		
10	Д 10. Еліміздегі шағын этностардың ұлттық-мәдени орталықтары.	1	
	СС 10. Қазіргі заманғы еліміздегі ұлттық мәдениеттердің жаңғыруы.	2	8
11	Д 11. Этносаралық қатынастағы Қазақстан халқы Ассамблеясының ролі.	1	
	СС 11. Қазақстандағы шағын этностардың құндылықтары.	2	8
	ДӨЖ 5. Қазақстандағы, жақын және алыс шет елдердегі ұлт-аралас отбасылар мен некелерге арналған зерттеулер (жазбаша).		15
	ДӨӨЖ 5 – берілген ДӨЖ 5 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру		
12	Д 12. Қазақстандағы бір ұлтты отбасыларының этникалық ерекшеліктері.	1	
	СС 12. Некелердің альтернативтік түрлері.	2	8
13	Д 13. Қазақстандағы ұлт аралас отбасылардың этникалық көрсеткіштері.	1	
	СС 13. Таяу және алыс шетелдерден келген қазақ репатрианттарының тарихи Отаны – Қазақстанға бейімделу мәселелері.	2	8
14	Д 14. Қазақстандағы отбасылардың ыдырауының этнодемографиялық көрінісі.	1	
	СС 14. Ұлтаралық некелердегі жастардың сана сезімін анықтайтын тәсілдер.	2	5
	ДӨЖ 6. Еліміздегі жанжал отбасылардың жалпыламасы мен ерекшелігі (диспут).		15
	ДӨӨЖ 6 – берілген СӨЖ 6 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру		
15	Д 15. Отбасындағы жанжал және некенің бұзылуы.	1	
	СС 15. Ажырасудың ересектер мен балаларға әсері.	2	5
Аралық бақылау 2			100
Қорытынды бақылау (емтихан)			100
Пән үшін жиынтығы			300

Декан _____ Байғунаков Д.С.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
Академиялық комитеттің төрайымы _____ Бижанова М.Т.

Кафедра меңгерушісі _____ Жұматаев Р.С.

Дәріскер _____ Қалыш А.Б.

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ
«Қазіргі Қазақстандағы этникалық және этномәдени процестер» жазбаша
тапсырмасы**

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну	"Өте жақсы" деген баға қазіргі Қазақстандағы этникалық және этномәдени процестердің ерекшелігін саралап, аудиторияда өткен сабақты толық меңгеріп, терең ғылыми тұжырым жасап, үш сұрақтың толық жауап жазу.	"Жақсы" деген баға барлық жауап толық, бірақ кейбір мәселелер камтылмаған, қазіргі кездегі еліміздегі этникалық және этномәдени процестердің ерекшелігі көрсетілмеген, материалды	"Қанағаттанарлық" деген баға билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жариялануын камтитын жауап үшін қойылады, негізгі ерекшеліктерді, үстіртін дәлелдейді, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің	Қойылған сұрақтарға дұрыс жауап жазбай, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

		ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде қате жіберілген. Жауапта стилистикалық қателіктердің болуы, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	бұзылуына жол береді, сұрақтардың мазмұнын ашпайды.		
Тандалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Еліміздегі этникалық және этномәдени процестерге қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың мазмұнын ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. Практикалық Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. Дәлелдер үстіртін қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер бар.	Сұрақпен жауаптың мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
Тандалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Оқу тапсырмасын толық орындап, қойылған сұраққа жан-жақты, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу. Қарастырып отырған пәнге байланысты терминдерді қолдану, ғылыми тұжырымдар жасау.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылған.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.